

ҒТАМА 18.41.51

Мұхаммедбатыр Балтабайұлы¹¹*Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясы
Алматы, Қазақстан,***Э. СЕЖУРНЕНИҢ МАРИМБА МЕН ІШЕКТІ АСПАПТАР ОРКЕСТРІНЕ АРНАЛҒАН
КОНЦЕРТІ****Аннотация**

Мақала бүкіл әлемге танымал француз композиторы Эммануэль Сежурненің ұрмалы аспаптарда жиі орындалатын ең жарқын туындыларының бірі – маримба мен ішекті аспаптар оркестріне арналған концертін жан-жақты талдауға арналған. Концерт 2004 жылы белгілі музыкант, маримбада шебер орындаушы Богдан Баканудың тапсырысымен жазылған. Туынды дәстүрлі үш бөлімнен тұрса да, композиция құрылымы мен тақырып тұрғысынан өте ерекше болып келеді. Концерттің романтикалық әуенінен орыс композиторы С. Рахманинов пен француз композиторы М. Лягран музыкасының әсері байқалады.

Мақалада талдау, тарихи-теориялық және т. б. әдістер қолданылған. Деректерді жинау кезінде Богдан Бакану және Кристов Зицен сияқты аттары әлемге әйгілі орындаушылардың бейне және аудио материалдары пайдаланылды. Сондай-ақ, концерт авторымен хат алмасу кезінде шығарма туралы құнды мәліметтер алынды.

Зерттеу барысында маримба аспабы оркестрде және ансамбльдерде басқа аспаптардан кейін пайда болғандығы анықталды. Дегенмен, маримба аспабының жеке орындаушы аспап ретіндегі барлық мүмкіндіктерін нақты осы концерт негізінде көруге болады.

Кілт сөздер. Э. Сежурне, Маримба, неоромантизм, концерт, ұрмалы аспаптар, Б. Бакану.

Мухаммедбатыр Балтабайұлы¹¹*Казахская национальная консерватория имени Курмангазы
Алматы, Казахстан***КОНЦЕРТ ДЛЯ МАРИМБЫ И СТРУННОГО ОРКЕСТРА Э. СЕЖУРНЕ****Аннотация**

Статья посвящена изучению наиболее часто исполняемого и яркого произведения современного французского композитора Эммануэля Сежурне – концерта для маримбы и струнного оркестра, который был создан в 2004 году по заказу известного исполнителя на маримбе Богдана Бакану. Несмотря на то, что произведение написано в традиционной трехчастной форме, в плане структуры сочинения и изложения тематизма оно является очень оригинальным. В романтическом по складу звучании концерта ясно ощутимо влияние музыки русского композитора С. Рахманинова и французского – М. Ляграна.

В статье использовались методы анализа формы и содержания, историко-теоретический метод и др. При сборе данных использовались видео-и аудиоматериалы таких исполнителей, как Богдан Бакану, Кристов Зицен. Также, при переписке с автором концерта были получены ценные сведения о произведении.

В ходе исследования было установлено, что маримба появился в оркестре и ансамблях позже всех других инструментов, и тем не менее, на примере данного концерта можно увидеть все возможности данного инструмента, как солирующего.

Ключевые слова. Э.Сежурне, Маримба, неоромантизм, концерт, ударные инструменты, Б.Бакану.

Mukhammedbatyr Baltabaiuly¹¹*Kurmangazy Kazakh National Conservatory
Almaty, Kazakhstan***CONCERTO FOR MARIMBA AND STRINGS BY E. SEJOURNE****Abstract**

The article is devoted to the study of the most frequently performed and vivid work of the modern French composer Emmanuel Sejourne – a concerto for marimba and string orchestra, which was created in

2004 by order of the famous percussion performer Bogdan Bakanu. Despite the fact that the work is written in the traditional three-part form, in terms of the structure of the composition and the presentation of thematism, it is very original. The romantic sound of the concert clearly shows the influence of the music of the Russian composer S. Rachmaninoff and the French composer M. Legrand.

The article used methods of analysis of form and content, historical and theoretical method, etc.

When collecting data, video and audio materials of such performers as Bogdan Bakanu, Kristov Zitsen were used. Also, during correspondence with the author of the concert, valuable information about the work was obtained.

In the course of the study, it was found that the marimba instrument appeared in the orchestra and ensembles later than all other instruments, and nevertheless, on the example of this concert, you can see all the possibilities of this instrument as a soloist.

Keywords. E. Sejourne, Marimba, neo-romanticism, concert, percussion instruments, B. Bacanu.

Маримба ХХІ ғасырдың басынан кең таралып, жеке орындаушы аспап ретінде әлемге әйгілі болды. Алғаш пайда болған кезінде маримба тек фольклорлы аспаптар қатарында ғана қолданыста болған, бірақ көрнекті виртуоз-орындаушылар мен композиторлардың жылдар бойы жинақтаған тәжірибесінің арқасында маримбаны халық аспабынан концерттік аспапқа бейімдеді.

Сол кезеңнен бастап ұрмалы аспаптар, әсіресе ксилофонның түрлері (маримба, вибрафон, метталлофон т.б.) жеке орындаушылық аспап ретінде дамып, концерттік жанрда өз орнын табады. Өртүрлі дереккөздерде маримбаның алуан түрлі анықтамаларын кездестіруге болады. «The New Grove Dictionary of Music and Musicians» [1, 2] Оксфорд музыка энциклопедиясының негізінде жазылған Музыкалық сөздікте [2, 3] «Маримба» – идиофондық музыкалық аспаптардың ерекше тобы ретінде көрсетілген. Ол екі түрге бөлінеді: соқпалы маримбалар – ксилофондар (грекше *xylo*. – ағаш) және шертпелі маримба – ламеллафондар (лат. *lamella* – пластина). Бірінші жағдайда дыбыс көзі ағаш болса, екіншісінде – дыбыс резонаторлық қорапқа бекітілген жұқа металл пластина тербелісінен пайда болады. Бұл анықтамамен ксилофон кеңінен танымал маримба тектес аспаптардың тобына жатады.

Маримба мен қазіргі сәтте барлығына белгілі ксилофон аспабын салыстырайық. Маримбаның бірінші ерекшелігі – оның пернелері, олар тондық тақталар немесе «бруски» деп аталады. Төменгі жағында олардың ксилофон пернелеріне қарағанда тереңірек доға тәрізді ойығы бар. Бұл көрінбейтін, бірақ өте маңызды бөлшегі, ол маримбаның төменгі және ортаңғы регистрлеріндегі дыбыстардың спектрлік құрамында көрінеді және оның тембрінің ерекшеліктерін анықтайды. Ксилофонда квинталық обертондар жақсы естіледі, ал маримбада – октавалық обертондар. Сондықтан маримбаның тембрі ксилофон секілді жарқын және қатты емес. Төменгі регистрде оның дыбысы қоңыр жұмсақ, ортаңғы регистр үшін кез келген динамикамен дыбыс күнгірт және әуезді, жоғарғы регистрде дыбыстың анықтығы тембрдің жұмсақтығымен үйлеседі. Маримбаның тұрақты баптауы 442 герц. Дыбыс биіктігі клавишаның ұзындығы мен қалыңдығына байланысты. Бастапқыда ұзындығына байланысты бапта орындарына жайғастырады, сонан соң дұрыс бапталмаған клавишаларды жұқарту және қысқарту арқылы түзейді [2].

Маримбаға және оркестрге арналған концерттер – Ұрмалы аспаптарда ойнайтын орындаушылардың арасындағы 20 ғасырдағы жарқын жаңалық болып табылады. Көптеген композиторлар бұл аспаптарға қызығушылық танытып, олардың концерттік сахнада орнығуы Дариус Мийоның¹ маримба, вибрафон және оркестрге арналған бірінші концертінен басталды (1947). Содан соң, келесі тізімдегі маримбада орындаушылар дүние жүзіне танымал бола бастады, олар: Кейко Абэ, Кунико Като, Людвиг Альберт, Богдан

¹ Дариус Мийо 1917-18 жылдары Гватемалада Пол Клодельдің хатшысы, Рио-де-Жанейродағы сол кездегі өкілетті министр болып қалды және Оңтүстік Америка музыкасына қызығушылық танытты. Ол осы қызығушылықты келесі жылы Пуэрто-Рикоға сапары кезінде және одан кейінгі жылдары ұрмалы аспаптарды пайдалана отырып, біраз жұмыс жасаған. 1940 жылы ол АҚШ-қа қоныс аударып, маримбаға және вибрафонға арналған концерт жазды.

Бакану, Ней Розауро, Гордон Стоут, Жан Геффрой, Роберт Ван Сайсе, Питер Садло, Мартин Грубингер, Нейбойша Живкович, Эммануэль Сежурне т.б. Бұл тізімнің ішінде орындаушы ретінде танымал болғаннан бөлек, маримба аспабына жеке орындауға пьесалар мен концерттерді жазып шығарған композиторлар да бар, олар: Пол Крестон, Андерс Коппель, Альфред Рид, Небойша Йован Живкович, Кейко Абэ, Ней Розауро, Эммануэль Сежурне. Атап өткен композиторлардың ішінен маримбаға жазылған шығармаларының стильдік ерекшелігін айта кетсек, Э. Сежурнені мысал ретінде алуға болады. С. Рахманинов, Б. Барток, К. Дебюсси сынды композиторлардың шығармашылығына деген сүйіспеншілігінің арқасында Э. Сежурненің ерекше стильде жазылған көптеген туындылары жарыққа шыққан [4].

Маримба мен ішекті аспаптар оркестріне арналған концерт композитордың шығармаларының ішіндегі ең әйгілі, көптеген әлемдік сахналарда және байқауларда орындалатын туындысы. Концертті 2004 жылы австриялық маримбашы Богдан Баканудың тапсырысы бойынша Линц (Австрия) қаласында өткен халықаралық маримбашылар байқауына арнап жазған. Уақыт өте 2015 жылы қосымша тағы бір бөлімі концерттің бірінші бөлімі ретінде жазылып шықты [5].

I бөлім f-moll тоналдігінде, өте салмақты, эмоционалды жүреді. Кіріспе де оркестрдің орындауындағы 32-лік пассаждармен басталады. Концерттің осы бөлігінде экспозицияның дамуы үлкен үлеске ие, оның алғаш рет осындай даму принципін бекіткен поляк романтигі Ф.Шопеннің музыкасынан бастау алады. Бірінші бөлімнің қосалқы партиясының тақырыбы дыбыстың лирикалық сипатының үстемдігіне байланысты негізгі тақырыптан басым келеді.

Концертті оркестр ашады, бұл – шағын алты тактылы кіріспе, «*fortissimo*» (*ff*) динамикалық күшімен композицияның негізгі тональдігін – «f-moll» -ді бекітеді.

Мысал 1. I бөлім, т.1-4



Әрі қарай, дәстүр бойынша, оркестр бөлімнің негізгі тақырыбын, оның негізгі партиясын орындау керек, бірақ тақырып солисттің партиясында жеке орындалады. Бөлімнің негізгі тақырыбы романтикалық көңіл-күйде, құрылымы шаршы период түрінде солисттің партиясында жеке естіледі.

Мысал 2. I бөлім, т.8-11,



Әрі қарай қайталанған шаршы периодтың құрылымын сақтай отырып, оркестр толығымен солисттің тақырыбын қайталайды.

Солист пен оркестр арасындағы сұрақ-жауап диалогын жалғастыра отырып, солисттің партиясы қайтадан жеке орындалады. Бұл бөлім қайталанба период ретінде берілген, әуенде ыдыраған аккордтық әдіс сақталады, оны бас кілтінде октавалық қозғалыс қолдайды.

Мысал 3. I бөлім, т. 30-33



Период аяқталар кезде әуен «ritenuto» (*rit*) қарқынына бәсеңдеп, шабыттанған оркестр тақырыпты әуезді, кантиленалы жылдамдықпен жалғастырады.

Соңына қарай бірте-бірте дыбыс күшейе түседі және «fortissimo» (*ff*) дыбысына қол жеткізген сәтте солист пен оркестр құрылымын өзгертеді, пассажды орындаудан екпінді квартсекстаккордтар мен квинтсекстаккордтардың қайталануына ауысады.

Мысал 4. I бөлім, т. 46-48

Екінші бөлімнің дамуы солисттің каденциясына алып келеді. Ол он алтылықтар мен секстольдардың ырғағындағы қысқа үзінділердің дыбыстарынан тұрады.

Мысал 5. I бөлім, т. 88-92

Эпизодтың күйі мазасыз. Оркестрдің триольдік ырғағының сүйемелдеуінде солист өзінің импровизация түрдегі әуенін орындайды. Эпизод қысқа. Интонациялық жағынан ол негізгі партия тақырыбына оралады.

Қосалқы партияның тақырыбын оркестр сөйлем түрінде баяндайды. Солист төрт октаваны қамтитын диапазонда ыдыраған аккордтардың толқын тәрізді үзінділерімен негізгі әуенді сүйемелдейді. Бірінші бөлімнің темаларын бірнеше рет қайталай келе, соңында кіріспенің темасымен аяқтайды. Бірақ бұл жолы оркестр мен солист бірігіп орындайды.

Концерттің екінші бөлімінде композитор маримбаның үлкен техникалық және экспрессивті мүмкіндіктерін ашады. Жарқын, қарама-қарсы тақырыптық материалдың

үстінде ерекше дыбыстық атмосфера орнатып, импровизациялық және вариациялық даму арқылы қанықтыра түседі.

Теманың негізгі импульстары кіріспеді шоғырланған. Вертикальді аккордтық әуен ерекше интонациялық күрделенуді тудырады, тіпті аккорд құрамындағы дыбыстар жекеленіп, дауыс-дауысқа бөліну арқылы жеке дыбыстық қозғалысты бастайды.

Мысал 6. II бөлім, т.1-10

Экспозицияның бірінші тақырыптық элементі оркестрде (18 такт), ал екіншісі маримбада (43 такт) орындалады. Концерттік жанрдың болмысына тән диалогтық бастама бүкіл музыкалық құрылымды қамтып, оның дамуының әр алуан кезеңдеріне әсер етеді. Оркестрде ұсынылған бірінші тақырыптық элемент кіріспе тақырыбының жалғасы болып табылады, бірақ жаңа метрикалық ұйымға орналастырылған (3/4).

Мысал 7. II бөлім, Бірінші теманың қайталануы, т.18-25

Алғаш бейнеленген кезінде ол вариативтік принциптің әсерінен белсенді дамудан өтеді, ал жеке аспапта (партитураның 38-такты) қысқаша өзгеріс енгізіп, музыкалық идеяны толықтырып, форманың келесі кезеңімен контрастты айқындайды.

Жеке аспапта берілген екінші тақырыптық элемент біріншісі сияқты вариация принципін әсеріне ұшырайды. Сежурне контрастты тембрлік жағынан күшейтіп, музыкалық ойды импровизацияланған, ұзартылған үзінділермен қанықтырады.

Келесі кезеңде, маримба мен оркестрде қатар жүрген екі теманы салыстыру барысында, жеке солистің орындауындағы екінші теманың элементтерінің түрлендірілген қайталануы мен текстураның полифонизациялануы арқылы жалпы шығарманың музыкалық экспрессивтілігін арта түседі. Тақырыптардың белсенді түрленуі репризада жалғасады (74-такт).

Вариация процестері ырғақты ұйымдастырудың күрделенуіне, текстураны шатастыруға және солист пен оркестрге бір мезгілде екінші теманы жүргізуге, сондай-ақ тақырыптың бейнесін өзгертетін қарқындылықтың жоғарылауына әкеледі (Мысал 8).

Әр теманың соңында сол тақырыпқа құрылған жеке каденциялар жүреді. Олар бүкіл аспаптық диапазонды қамтып, осы музыкалық материалдың құрамына органикалық түрде кіретін болса, бөлімді аяқтайтын соңғы такттар концерттің екінші бөлімінің рефлексияға толы мінезін керісінше поэтикалық лиризмге толы, бір қалыпты, тынышталған бейнесін сипаттайтын атмосфераға әкеледі (Мысал 9).

Мысал 8. II бөлім, Екінші теманың қайталануы, т. 105-113

Мысал 9. II бөлім, т. 115-118

Үшінші бөлім қарама-қайшы даму әдісін алдыңғы бөлімдерінің негізгі қозғалтқышы ретінде бекітеді. Бірінші теманың элементі болып басталатын ішектілердің белсенді ырғақты фигурасы жеке бөлімдегі динамикалық, ырғақты теңдестірілген әуенмен «үйлеседі» (1-мысалдағы теманың басын қараңыз). Оркестр және солист партиялары диалог түрінде жүреді, бірақ соңғысының басымдылығы байқалады. Бұл бөлімнің интонациялық, саздық және ырғақтық ерекшеліктері Сежурне жақсы білетін және басқа шығармаларында қолданатын испан фольклорына сәйкес келеді (Мысал 10).

Екінші теманың элементі «flamenco» жанры арқылы испан фольклорымен байланысын тағы да көрсетеді. Егер солисттің орындауындағы әуен 11/8 (3+3+2+3) өлшеміндегі остинато мотивіне тән вариацияда жазылған болса, сүйемелдеуде, яғни, оркестр партиясында кеңістік уақытты бөлу орын алады. Сүйемелдеу негізгі тоннан басталса, солист керісінше тұрақсыз дыбыстардан негізгі тонға түседі. Даму барысында 35-58 такт аралығында 11/8 өлшемінде гармонияны толықтырып, дыбыстың көлемін ұлғайтады (Мысал 11). Текстураның қалыңдауы және соло бөлігіндегі ырғақтың күрделенуі репризамен сәйкес келетін шарықтау шегіне жетеді.

Мысал 10. III бөлім, т.1-3

♩ = 112 or more if possible, rythmique, énergique

Marimba

ff

Piano reduction

ff

♩ = 112 or more if possible, rythmique, énergique

Мысал 11. III бөлім, т. 35-36

35

p

3

3

3

3

35

mf

Бұл соңғы бөлімнің ортаңғы бөлігі (72-такт, Мысал 12) композитордың айтуы бойынша фильмдердегі музыкадан шабыттанған контрастты қатардан басталады. Екінші теманың өлшемі (11/8) қайта оралады. Өлшемнің топтастырылуы сол қалпында қалса, әуені вальс ырғағы мен мінезіне келеді. Оркестр вальс ырғағында жүрсе, солист – t-S-VII-III-VII₇-D₇-t аккордтар қатарын ұсынады. Оркестр фонында маримба өзінің тұрақсыз әуенін екпінге сәйкес келмейтін, уақыттан тыс ырғақта орындайды. Сежурне полиметрияны әртүрлі метрлермен белгілемесе де, оны екпінмен және «еркін» топтастырумен қатаң түрде бекітеді. Әуендік қимылдың өрістеуі бірте-бірте дамып, көлденең ұзын мәнерлі ою-өрнектермен байытыла түседі. Композитордың айтуы бойынша, бұл жерде солистке еркіндік беріледі. Яғни, оның импровизациялауға мүмкіндігі бар.

Қысқартылған бірінші бөлімнің қайталануы (134-ші такт) экспозицияның динамикасы мен моторлық ырғағын қайталайды. Виртуоздық кода жаңа метро-ырғақта жазылып (11/8 12/8-ге ауыстырылады), «flamenco» тақырыбына негізделеді (Мысал 13).

Бұл концерт орындауға өте ыңғайлы: пассаждар мен аккордтардың орналасуы, дыбыс үндестігі аспаптың ерекшеліктеріне сәйкес. Дегенмен, әрине, үлкен формадағы шығармаларға тән қиындықтар да кездеседі.

Жалпы алғанда, бұл шығарма әртүрлі эмоционалды күйді жеткізеді. Ол биполярлы және бір сезімге тым ұзақ тоқтамайды: нәзік, кейде мұңлы, тіпті ашулы күйге дейін барады. Концертті орындаған кезде ішкі дүниесімен күресіп, эмоционалды түрде бөлшектеніп жатқан жаратылысты елестетуге болады. Нақты осы шығарманы маримба орындаушылары үшін барлық шеберлігін көрсетуге мүмкіндік беретін ұтымды әрі музыкалық қанағаттану тұрғысынан жоғары дәрежелі туынды, демек, нағыз олжа десе артық емес.

Мысал 12. III бөлім, т. 72-75

Мысал 13. III бөлім, т. 169-170

Стилі мен жанры жағынан алуан түрлі шығармалардың авторы – Эммануэль Сежурне, қазіргі заманды дұрыс сезініп, тапқыр музыкалық тілімен негізгі ойды тура жеткізе білген композитор – замандас орындаушылар үшін ерекше тұлғаға айналды. Маримба мен ішекті аспаптарға арналған концерт қағаз бетіне түскен күннен басап, бүгінгі күнге дейін үлкен сахналарда шырқалып, бүкіл әлемдегі перкуссияшылардың репертуарында тұрақты орнын алды. Көрнекті француз музыкантының орындаушылық және композиторлық қабілеті музыка әлеміне маримбаның ерекше бай әрі көркем дыбысын және жеке орындаушы аспап ретіндегі жаңа қырын паш етті.

Әдебиеттер тізімі

1. The New Grove Dictionary of Music and Musicians. 29 volumes with index. Ed. by Stanley Sadie. - 2nd edition. Executive ed. John Tyrrell. – New York: Grove; London: MacMillan, 2001
2. Михайленко А. Г., Современная книга о маримбе. – Новосибирск, 2006.
3. Музыкальный словарь Гроува. Пер. с англ. – М.: Практика, 2001.
4. <http://www.emmanuelsejourne.com/> (электрондық ресурс)

References (transliterated)

1. The New Grove Dictionary of Music and Musicians. 29 volumes with index. Ed. by Stanley Sadie. - 2nd edition. Executive ed. John Tyrrell. – New York: Grove; London: MacMillan, 2001
2. **Mihajlenko A. G.**, Sovremennaya kniga o marimbe. – Novosibirsk, 2006.
3. Muzykal'nyj slovar' Grouva. Per. S angl. – M.: Praktika, 2001.
4. <http://www.emmanuelsejourne.com/>

Автор туралы мәлімет:

Балтабайұлы Мұхаммедбатыр – Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының 2-ші курс магистранты. Ғылыми жетекшісі – өнертану кандидаты, доцент Айзада Зейкеновна Бултбаева.

Сведения об авторе:

Балтабайұлы Мұхаммедбатыр – магистрант 2+го курса Казахской национальной консерватории имени Курмангазы. Научный руководитель – кандидат искусствоведения, доцент Айзада Зейкеновна Бултбаева.

Information about the author:

Muhammedbatyr Baltabaiuly– 2nd year master's student of the Kurmangazy Kazakh National Conservatory. Scientific supervisor: PhD in Arts, Associate Professor **Aizada Bultbayeva**.